Ақсуат аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі
комиссиясы отырысының
№ 8 ХАТТАМАСЫ

Ақсуат ауылы

05.12.2023 жыл

Төрағасы: Е. Ескендіров – аудан әкімінің орынбасары, аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі комиссия төрағасы

Хатшысы: Р. Сайлаубаев – аудандық ТЖ бөлімінің аға инженері

Қатысқандар: М. Иманқажы -аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, **Н. Хозаев**- аудандық полиция бөлімінің бастығы, **Р. Сейілханов**- аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, **А. Шарипова**- аудан әкімі аппаратының жалпы бөлімінің басшысы, **Д. Есембаева**- аудандық санитариялық- эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысы, **С. Смағұлов** - Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы, **Е. Қожахмет** - «Ақсуат» МКК басшысы, **Е. Батыров**- «Қазақавтожол» РМК Шығыс Қазақстан облыстық филиалының №31 ЖПБ-нің басшысы, **Е. Рахметжанов** - аудандық желілік техникалық учаскесінің инженері, **С. Қисанов**- Шығыс Қазақстан аумақтық энергетика компаниясының Тарбағатай аудандық электр желісінің Ақсуат бөлімшесінің мастері, **Б. Сербатыров** - аудандық ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы, **Ж. Демеубаев**-«Қазселденқорғау» аудандық филиалының инженер-гидрологы, **А. Әштаева**- аудандық аурухананың бас дәргері, **Д. Тулембаев** - ҚР АШМ ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ақсуат аудандық аумақтық инспекциясы басшысы, **К. Шыныбаев**- «КазСуШар» Ақсуат ӨУ басшысы,

Комиссия отырысының күн тәртібі:

Қатты соққан желдің салдарынан «Ы. Кабеков атындағы орта мектептің» шатырын ұшырып кетуіне байланысты қалпына келтіру жұмыстарына қаражат беру туралы

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Ы. Кабеков атындағы орта мектептің» директоры Е. Каженов хабарлама жасады.

2023 жылдың 3 желтоқсан күні түнде қатты соққан желдің салдарынан Ы. Кабеков атындағы орта мектептің акт залының төбе жабындысының 125 шаршы метр аумағын ұшырып, бүлдіріп, қиратып кетті.

Төменгі қабатта балалар тамақтанатын асхана орналасқан. Ауа райы күрт өзерген жағдайда (қар, жаңбыр) асхананың төбесінен су ағып, қалыпты жағдайда жұмыс істеуіне қолайсыздық тудырады.

Бұл өз алдында балаларды тамақпен қамтамасыз ету үшін кедергі келтіріп, денсаулықтарына, тазалықтарына қауіп төндіріп төтенше жағдайларға алып келуі мүмкін. Осы мәселені жою үшін тез арада шаралар қабылдау қажет екенін айтып өтті.

Қорытындылай келе аудан әкімінің орынбасары Е. Ескендіров қалыптасқан жағдайды жедел түрде қалпына келтіру үшін жұмыстар жасау керектігін жеткізді.

Аудан әкімі орынбасарының (Е. Ескендіров) және комиссия мүшелерінің пікірлерін қорыта келе төтенше жағдайлар жөніндегі аудандық комиссия отырысы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Төтенше жағдайлардың алдын алу және болдырмау мақсатында «Ы. Кабеков атындағы орта мектебі» КММ-нің акт залының төбе жабындысын жөндеп, қалпына келтіру үшін шұғыл түрде қаражат бір көзден қолданыстағы заң аясында қарастырылсын. (Аудандық білім бөлімінің басшысы **А. Кыдырмолдин**, Ы. Кабеков атындағы орта мектептің директоры **Е. Каженов**)

Аудан әкімінің орынбасары,
аудандық төтенше жағдайлар
жөніндегі комиссия төрағасы **Е. Ескендіров**

Аудандық ТЖ бөлімінің бас маманы **Р. Сайлаубаев**

«Ы.Кабеков атындағы орта мектебі»КММ

АКТ

4 желтоқсан 2023 жыл

Біздер төменде акт жасаушылар Ы.Кабеков атындағы орта мектеп директоры Е.Каженов, мектептің бас есепшісі Б.Калиханова, аудан әкімінің аппаратының жалпы бөлімінің бас маманы Т.Рахымжанов, аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы азаматтық қорғау аға лейтенанты Р.Сайлаубаев, кәсіподақ ұйымының төрайымы Г.Слямова, мектеп директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары М.Жанқайров, жұмысшылар Қ.Оразғалиев, Б.Шаймарданов болып акт жасадық, себебі 2023 жылдың 3 желтоқсаны күні түнде соққан қатты жел (25м/сек) мектептің актовый залының төбесінің шатырының 125 кв м бөлігін ұшырып бүлдіріп кеткендігін растап қол қоямыз.

Мектеп директоры **Е.Каженов**

Мектептің бас есепшісі **Б .Калиханова**

Аудан әкімі аппаратының жалпы бөлімінің

бас маманы **Т.Рахымжанов**

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы

азаматтық қорғау аға лейтенанты **Р.Сайлаубаев**

Кәсіподақ ұйымының төрайымы **Г.Слямова**

Мектеп директорының шаруашылық

ісі жөніндегі орынбасары **М.Жанқайров**

Жұмысшы **Қ.Оразғалиев**

Жұмысшы **Б.Шаймарданов**